

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Биология
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Жер ғаламшарының белсенді тіршілігі бар аймағын қамтиды

- A) ноосфера
- B) биосфера
- C) стратосфера
- D) литосфера
- E) гидросфера

2. Адам ұрығы дамитын анасының арнайы мүшесі

- A) ұрықжолдас
- B) жатыр
- C) плацента
- D) гастрұла
- E) делеция

3. Органикалық дүние эволюциясында ең соңғы пайда болған биологиялық түр

- A) нәсілдер
- B) адам
- C) сүтқоректілер
- D) омыртқалылар
- E) архантроп

4. Тұқымқуалайтын өзгергіштігі айқын байқалатын жекелеген адам топтары

- A) нәсілдер
- B) антроморфоз
- C) идиоадаптация
- D) ароморфоз
- E) дегенерация

5. Қазіргі кездегі жер бетінде мекендейтін адамдардың түрі

- A) архантроптар
- B) синантроптар
- C) питекантроптар
- D) саналы адам
- E) неандертальдықтар

6. Қазіргі кезде биолог ғалымдар мен архитекторлар құрылыс қабырғасына «тыныс алудың» экологиялық жүйесін енгізуді жоспарлауда зерттеп жатқандары

- A) фотосинтез механизмі
- B) жасушалық тыныс алу
- C) жапырақ құрылысы
- D) зат алмасу процесі
- E) белок биосинтезі

7. Эйфель мұнарасын салу барысында зерттеп пайдаланған тірі организмдердің мүше бөліктері

- A) жіліктердің сүйектері
- B) термиттер ұясы
- C) жапырақ құрылысы
- D) діңнің құрылысы
- E) аралар ұясы

8. Табиғаттағы тірі организмдердің жетістіктерін инженерлік мақсатта қолдану идеясын ұсынған

- A) Карл Линней
- B) Леонардо да Винчи
- C) П.И.Мариковский
- D) Жорж де Местрал
- E) В.И.Вернадский

9. Биология мен техника жетістіктерінің жаңа тетіктерін өндіріске енгізу

- A) биониканың мақсаты
- B) архитектураның мақсаты
- C) нанотехнология саласы
- D) гендік инженерия
- E) жаңа технология

10. Организмдер мақсатына жету үшін бір-біріне қатты зиян келтірмейтін кез келген антагонизмдік қарым-қатынас

- A) бәсекелестік
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) антропогенизм

11. Бір организм екіншісінің есебінен тіршілік етіп, оған зиян келтіретін, бірақ, әдетте өлтірмейтін түр аралық қарым-қатынас формасы

- A) антагонизм
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) антропогенизм

12. Жеке организмдердің тұраралық өзара қарым-қатынасы

- A) антагонизм
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) антропогенизм

13. Бірегей аумақтарды қамтитын, даралар топтарын құрайтын экологиялық популяциялар

- A) географиялық популяция
- B) биогеоценоз
- C) биоценоз
- D) қарапайым популяция
- E) экологиялық жүйе

14. Табиғатта бірегей кішігірім аумақтарды мекендейтін бір түрге жататын даралар жиынтығы

- A) автотрофты организмдер
- B) топтанып таралу
- C) популяция саны
- D) қарапайым популяция
- E) экологиялық жүйе

15. Жарық энергиясын пайдаланып бейорганикалық заттардан органикалық заттар синтездейтін жасыл өсімдіктер

- A) редуценттер
- B) продуценттер
- C) консументтер
- D) биоценоз
- E) экожүйе

16. Көмілген дән ұзақ уақыт бойы өнбей алғашқы қалпын сақтайтын жер (қойма)

- A) құмырсқа илеуі
- B) қоңыздар қиы
- C) қой қорасы
- D) аралар ұясы
- E) термиттер ұясы

17. Аспан әлеміндегі жұлдыздарды бақылауға «арнайы тапсырма» алған жәндіктер

- A) дәуіттер
- B) қоңыздар
- C) қандалалар
- D) көбелектер
- E) құмырсқалар

18. Ошаған жемісінің жабысқыш қасиеттеріне негіздеп қазіргі кездегі жабысқышты (липучка) ойлап тапқан инженер

- A) Леонардо да Винчи
- B) Жорж де Местрал
- C) Г. Де Фриз
- D) В.И.Вернадский
- E) П.И.Мариковский

19. XX ғасырда француз астрономдары байқаған бізге көрінбейтін жұлдыздардан шығатын ультракүлгін сәулелерді қабылдайтын насеком түрлері

- A) кейбір құмырсқалар
- B) түнгі көбелектер
- C) түнгі қоңыздар
- D) өсімдік қандалалары
- E) бал аралары

20. Тірі организмдер құрылысындағы ерекше жетістіктерді зерттеп, оның экономикалық тұрғыдан тиімді тетіктерін өнеркәсіпте қолданумен айналысатын

- A) биотехнология ғылымы
- B) архитектуралық құрылыс бионикасы
- C) нанотехнология саласы
- D) гендік инженерия саласы
- E) жаңа технология бағыты

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

**2-БЛОК: Арнайы пән
Мейірбике ісі негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Парентеральды жолмен егу түрі

- A) тіл астына
- B) тік ішекке
- C) қынапқа
- D) ауыз арқылы ішке
- E) бұлшық етке

2. «Асқа дейін» деген дәрілік заттарды тарату ережелерінің барлығы мынадан басқа

- A) қаптамадағы этикетканы және тағайындамалар парағын мұқият оқу
- B) пациент дәріні медбикенің көзінше ішу
- C) дәрілерлі қалаған уақытында тарату
- D) дәрінің қосымша әсерін алдын-ала ескерту
- E) асқа дейінгі дәріні ас ішерден 15 минут беру

3. Оттегіні қолданудағы көрсеткіш

- A) жүрек тұсының ауыруы
- B) тіндердің гипоксиясы
- C) ісіктер
- D) көрудің бұзылуы
- E) артериалық қан қысымының төмендеуі

4. Медбикелік анализ анықтайды

- A) ауруды
- B) ауруына байланысты организм реакциясын
- C) науқастың денсаулық жағдайында психоәлеуметтік ауытқуды
- D) эмоционалдық реакциясын
- E) ауруының даму патогенезін

5. Медбике үрдісінің үшінші кезеңі

- A) алынған деректерді талдау
- B) пациенттің жағдайын бағалау
- C) алдағы жұмысты жоспарлау
- D) құрастырылған жоспарды іске асыру
- E) аталған сатылар нәтижелерін бағалау

6. Медбике үрдісінің бірінші кезеңі

- A) пациенттің жағдайын бағалау
- B) алынған деректерді талдау
- C) алдағы жұмысты жоспарлау
- D) құрастырылған жоспарды іске асыру
- E) аталған сатылар нәтижелерін бағалау

7. Инсулинді тоңазытқыштан алғаннан кейінгі енгізу уақыты

- A) 1 сағаттан соң
- B) 0,5 сағаттан соң
- C) 2 сағаттан соң
- D) 3 сағаттан соң
- E) 2,5 сағаттан соң

8. Қан тобы мен резус факторды анықтау үшін көк тамырдан қан алынады

- A) таңертең ашқарынға венадан 8-10мл таза құрғақ пробиркаға
- B) тәуліктің әр уақытында 8-10мл таза пробиркаға
- C) таңертең ашқарынға ұюға қарсы заты бар пробиркаға
- D) таңертең венадан 8-10мл таза пробиркаға
- E) таңертеңгі тамақтан соң венадан 8-10мл таза құрғақ пробиркаға

9. Көк тамырдан анализге қан алғанда бұраманы алу керек

- A) инемен тамырды тескенде
- B) инеден қан көрінгенде
- C) шприцке қажетті қанды алғанда
- D) іс-шара аяқталған соң
- E) шприцке қанды алып жатқанда

10. Көк тамырға 10% кальций хлорид ерітіндісін енгізіп жатқанда тері астына кетсе дамиды

- A) тін некрозы
- B) абсцесс
- C) гематома
- D) дәрілік эмболия
- E) асқыну дамымайды

11. Көк тамырды инъекциялау сатыларының барлығы, мынадан басқа

- A) дәрілік затты енгізу
- B) бұрауды шешу
- C) инъекция орнын анықтау
- D) поршеньді тартып аздап қан алу
- E) бұрауды шешпеу

12. Көк тамыр ішілік инъекцияны енгізу орнына жатпайды

- A) шынтак иіні
- B) білек
- C) қол басы
- D) аяқ басы
- E) қолтық асты

13. Бұлшықетке салған инъекциядан кейінгі асқыну

- A) инфильтрат
- B) тромбофлебит
- C) тіндер некрозы
- D) сепсис
- E) ауа эмболиясы

14. Тері ішіне енгізетін иненің бұрышы

- A) 90С
- B) 35С
- C) 10С
- D) 60С
- E) 25С

15. Гериатрия- бұл

- A) егде және кәрі жастағы аурулардың ағымының ерекшеліктерін зерттейтін ғылым
- B) егде және кәрі жастағы жұптасқан патологиялық ерекшеліктерін зерттейтін ғылым
- C) егде жастағы аурулардың ерекшелігін зерттейтін ғылым
- D) ағзаның қартаюы туралы ғылым
- E) кәрі жастың ерекшеліктерін зерттейтін ғылым

16. Цистоскопия зерттеуі

- A) рентгенологиялық
- B) ультрадыбысты зерттеу
- C) лабораториялық
- D) объективті
- E) эндоскопиялық

17. Науқасты өңеш, асқазан, он екі елі ішек рентгенологиялық зерттеуіне дайындау

- A) кешке, таңертең тазалау клизмасы
- B) кешке тазалау клизмасы
- C) таңертең ашқарынға
- D) дайындық жүргізілмейді
- E) таңертең сифонды клизма

18. Бүйрек пен зәр шығару жолдарын рентгенологиялық контрасты зерттеу

- A) ирригоскопия
- B) эхография
- C) томография
- D) экскреторлы урография
- E) флюорография

19. Науқасқа нәжісті жасырын қанға тексеру анализінде дәрілерді алып тастау қажет

- A) калий
- B) магний
- C) кальций
- D) натрий
- E) темір

20. Қуық катетеризациясын жүргізу үшін дайындау керек

- A) залалсыздандырылған глицерин, пинцет, катетер, залалсыздандырылған мақта шариктері
- B) залалсыздандырылған катетер, вазелин, залалсыздандырылған пинцет, залалсыздандырылған мақта шариктері, қолғап
- C) залалсыздандырылған катетер мен глицерин, залалсыздандырылған мақта шариктері мен қолғап, залалсыздандырылған пинцет
- D) залалсыздандырылған пинцет, залалсыздандырылған катетер мен мақта шариктері, залалсыздандырылған вазелин майы, залалсыздандырылған қолғап
- E) залалсыздандырылмаған қолғап, залалсыздандырылған пинцет, залалсыздандырылған мақта шариктері, глицерин, катетер

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Қанды тамырдан ИФА-ға алғанда қажет құрал-жабдықтар

- A) ваккутейнер
- B) тану материалдары
- C) бұрама
- D) 70% спирт
- E) шприц Жанэ
- F) жел шығаратын түтік

22. Тамыр ішіне енгізуге болатын дәрілік заттар

- A) 5% глюкоза ерітіндісі
- B) 0,9% натрий хлорид ерітіндісі
- C) 10% кальций хлориді
- D) 12,5% дицинон
- E) камфор майы
- F) нитроглицерин

23. Ампуладан немесе флаконнан ерітіндіні алардан бұрын медбике мұқият оқу керек

- A) дәрінің атын
- B) дозасын
- C) пайдалану мерзімін
- D) құрамын
- E) фармакокинетикасын
- F) шығарған елдің атын

24. Дәрілік заттарды парентеральды енгізу жолдары

- A) көк тамырға
- B) бұлшық етке
- C) тері астына
- D) тері ішіне
- E) ауыз арқылы
- F) сублингвально

25. Туберкулез ауруының клиникалық белгілері

- A) қақырықты 2 аптадан артық жөтел
- B) түнгі тершеңдік
- C) кешкі субфебрильді температура
- D) тәбетінің жоғарлауы
- E) артериалық қан қысымының жоғарлауы
- F) төс артында дискомфорт

26. Шұғыл медбикелік араласуды қажет ететін жағдайлар

- A) қан кету
- B) ентігу
- C) гипертермия
- D) жөтелу
- E) әлсіздік
- F) тұншығу
- G) коматозды жағдай
- H) тәбетінің төмендеуі

27. Жасанды тамақтандыру жолдарына жатады

- A) назогастральды зонд арқылы
- B) назогастральды зонд арқылы тамшылатып
- C) гастростома арқылы
- D) назогастральды Жанэ шприц көмегімен
- E) қасықпен
- F) шүмегі бар ыдыспен

28. Гепариннің қолдану көрсеткіштері

- A) гемотрансфузияда
- B) миокард инфарктісінде
- C) өкпе инфарктісінде
- D) асқазаннан ойық жараларында
- E) эрозивті гастритте
- F) қан кетуге бейім жағдайларда

29. Миокард инфарктісіндегі медбикенің тәуелсіз араласуы

- A) ацетилсалицил қышқылын шайнату
- B) нитроглицерин сублингвально
- C) таза ауамен қамтамасыз ету
- D) психоэмоционалды тыныштық орнату
- E) гепарин көк тамырға
- F) морфин гидрохлориді көк тамырға

30. Миокард инфарктісінен кейін науқастар реабилитациясының алдына қоятын мақсаты

- A) жүрек қантамыр жүйесінің функциясын максимальды деңгейге дейін қалпына келтіру
- B) науқастардың жұмысқа қабілетін қалпына келтіру
- C) науқасты қоршаған ортаға бейімдеу
- D) емдік дене шынықтыру жүргізілмейді
- E) қарапайым физиотерапиялық ем қолданылады
- F) сөйлеу қабілетін жақсарту

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

46 жастаға науқас кардиология бөлімшесіне гипертониялық ауру 2 дәрежесі диагнозымен түсті.

Медбике науқастың шағымдарын сұрастырғанда анықтады: бастың шүйде аймағының қатты ауырсынуы, әлсіздік, ұйқысыздық.

Өзін 3 жылдай науқас деп санайды. Нервті-эмоционалды стрестен кейін жағдайының нашарлағанын айтады. Диета сақтамаған, ащы, тұзды тағамдарды, суды көп қабылдаған. Дәрігер тағайындаған дәрілік препараттарды уақытында қабылдамаған.

Жалпы жағдайы орташа ауыртпалықта. Гиперстеник.

ТАЖ-20 рет минутына, АҚҚ-180\100 ммс.б.б, пульс-80 рет минутына.

Іші жұмсақ, палпациялағанда эпигастрий аймағының ауырсынуы анықталмайды.

31. Кеуденің жөтелсіз қатты шаншып ауруы мына жүйе зақымдалуында

- A) жүрек қантамыр
- B) зәр шығару
- C) асқорту
- D) эндокринді
- E) орталық нерв жүйесі

32. Науқасқа қажетті көмек жоспарын құрастырудағының барлығы, мынадан басқа

- A) бастың шүйде аймағының ауырсынуын басып, қан қысымын түсіру
- B) №10 диетамен қамтамасыз ету
- C) тыныштық орнату
- D) дәрігердің тағайындауын толық орындау
- E) туысқандарына диета сақтау, дәрісін уақытында ішу туралы кеңестер бермеу

33. Қысқа мерзімді мақсат қойыңыз

- A) 2-3 күнде басының ауруын азайту
- B) стационардан шығарда бас ауруынан айықтыру
- C) қан қысымын қалыпты жағадайға қалыптастыру
- D) салмағын қалыпқа келтіру
- E) жұмысқа қабілетін арттыру

34. Науқастың басты мәселесін анықтаңыз

- A) бастың шүйде аймағының ауырсынуы
- B) әлсіздік
- C) ұйқысыздық
- D) көңіл күйінің жоқтығы
- E) мазасыздық

35. Науқастың қанағаттандырылмаған мәселесін анықтаңыз

- A) тыныштық
- B) ұйықтау
- C) жұмыс істеу
- D) дем алу
- E) естімеу

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

72 жастағы науқас өкпе обырымен ауруханаға түсті.

Медбикелік тексерісте шағымдары анықталды: кілегейлі қақырықты жөтел, кеуде клеткасының қатты ауырсынуы, бірден әлсіздік, дене температурасының субфебрильдіге дейін жоғарлауы.

Қарағанда: Жалпы жағдайы орташа ауыртпалықта. Тері қабаты боз. Науқас жүдеу. Дене температурасы 36,8С, ТАЖ-22 рет минутына, пульсі 84 рет минутына, АҚҚ-110\70мм.с.б.б. Науқас өз жағдайына қатты алаңдауда, әкесінің осы аурудан қайтқанын бірнеше рет қайталап айтады.

36. Медбикенің тәуелді араласуы

- A) науқасқа физикалық, психикалық тыныштық орнату
- B) төсекте ауырған жағына қарай қырымен ыңғайлы қалып орнату
- C) ауырсынуды басатын дәрі енгізу
- D) дәрігер нұсқауын толық орындау
- E) гемодинамикасын бақылау

37. Науқастың басты мәселесін анықтаңыз

- A) кілегейлі қақырықты жөтел
- B) субфебрильді температура
- C) әлсіздік
- D) дене салмағын жоғалту
- E) кеуде клеткасының ауырсынуы

38. Медбикенің қысқа мерзімді мақсатын анықтаңыз

- A) апта соңында ауырсынуының азаюы
- B) жұмысқа қабілетін жоғарлату
- C) ауруынан толық сауықтыру
- D) салмағын қалыптастыру
- E) ауырсынуын толық басу

39. Науқастың қазіргі мәселесінен басқасын анықтаңыз

- A) қақырықты жөтел
- B) кеуде клеткасының ауыруы
- C) дене температурасының жоғарлауы
- D) жұмысқа қабілетінің төмендеуі
- E) әлсіздік

40. Науқастың мынадан басқа қанағаттандыру қажеттілігін анықтаңыз

- A) тамақ ішу
- B) жұмыс істеу
- C) ұйықтау
- D) сауығу
- E) көру

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.